

Қазақстан Республикасы соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 811 Жарлығы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 82-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 31-бабының 2, 5, 7-тармақтарына, 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 8) тармақшаларына, 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Төраға қызметіне:

Астана қалалық сотына	Бәрпібаев Тілектес Ешейұлы;
Ақтөбе облыстық сотына	Абдолла Сәкен Қазақстан Республикасы Әскери сотының төрағасы қызметінен босатыла отырып;
Қазақстан Республикасының Әскери сотына	Мұсабекұлы Жандос осы соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы қызметінен босатыла отырып;
Қарағанды облыстық сотына	Шәріпов Нұрсерік Кәрімұлы

тағайындалсын.

2. Судья қызметіне:

Алматы облысы бойынша:	
Талғар аудандық сотына	Байғалиев Айдос Байғалиұлы;
Атырау облысы бойынша:	
Жылыой аудандық сотына	Ысқақов Мұратқали осы облыстың Мақат аудандық сотының төрағасы қызметінен босатыла отырып

тағайындалсын.

3. Атқаратын қызметінен:

Қарағанды облыстық сотының төрағасы	Әлімбаев Мұсабек Тұрғынбекұлы орнынан түсуіне байланысты;
Ақмола облысы бойынша:	
Егіндікөл аудандық сотының төрағасы	Жазит Бекзат Болатұлы судья өкілеттігін тоқтата отырып, өз тілегі бойынша;
Қызылорда облысы бойынша:	
Қызылорда қалалық сотының судьясы	Райқұлов Досымжан Мүслімұлы басқа жұмысқа ауысуына байланысты

босатылсын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК